

«БЕКІТЕМІН»
ректордың и.а. Толысбаева Ж.Ж.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдын үздік көрсетуге арналған эссе байқауын өткізу

I. Жалпы ережелер

- 1.1 Осы шығармашылық эссе байқауы студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми және шығармашылық қызметін ынталандыруға бағытталған іс-шара болып табылады.
- 1.2 Байқауды өткізу шарттары, жұмыстарды бағалау критерийлері мен тәртібі, байқау жеңімпаздарын іріктеу және марапаттау байқауды өткізу ережесімен анықталады.
- 1.3. Конкурсты ұйымдастырушы-ғылым, жоғары оку орнынан кейінгі білім беру және аккредиттеу бөлімі.

II. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

- 2.1 Академия білім алушыларының бойында ел тарихына және Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне деген құрметті арттыру.
- 2.2 Жастардың шығармашылық әлеуетін жандандыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 2.3 Жастарды патриотизмге, еліне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

III. Конкурс шарттары

- 3.1 Эссе байқауы Академияның барлық білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін өткізіледі.
- 3.2 Байқауға Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығының мәні мен мазмұны кеңінен ашылуы тиіс еркін тақырыптағы жұмыстар (эсселер) ұсынылады.
- 3.3 Эссе мәтіндері конкурска электрондық түрде ұсынылады (көлемі A4 форматты 4 парапқа дейін, Microsoft Office Word бағдарламасында, 2003-2007 нұсқасында орындалады; қарпі: Times New Roman; 14-ші Өлшем, бір интервал) және otdel_nauka16@mail.ru электрондық мекенжайға жіберіледі.
- 3.4 Эссені титулдық бетте рәсімдеу кезінде: байқау тақырыбын, қатысуышының аты-жөнін, топты, факультетті көрсету қажет.
- 3.5 Эссе жазу тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.
- 3.6 Эссе 24.12.2021 дейін қабылданады.
- 3.7 Байқаудың Ұйымдастыру комитеті байқау өткізу Ережесінің талаптарына сәйкес келмейтін эссені қабылдамауы мүмкін.

IV. Конкурстың ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1 Конкурстың қорытындысын шығару үшін комиссия құрылады.

4.2 Әрбір әссе бойынша қарау нәтижелері бойынша 10 балдық шкала бойынша бағалау туралы қорытындымен Конкурстық комиссия мүшесінің рецензиясы жасалады.

4.3 Эссені рецензиялау кезінде конкурстық комиссияның мүшесі келесі критерийлерге бағдарлана отырып, оның деңгейін бағалайды:

- 1) конкурс тақырыбын ашу;
- 2) нақты және негізделген авторлық ұстаным;
- 3) қорытындылардың бірегейлігі мен дербестігі;
- 4) баяндаудың тұтастығы мен қисындылығы болып табылады.

V. Конкурстың қорытындысын шығару

5.1 Конкурстың қорытындысын 28.12.2021 шығару.

5.2 Байқау жөнімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.